

Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 қаңтардағы № 14 қаулысы.

Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы "Ақтөбе орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесінің орман қоры жерлерінен жалпы ауданы 11,4692 гектар жер учаскелері Ақтөбе қаласының аумағында Ақтөбе облысы индустриялық аймағының алаңнан тыс инженерлік желілері мен электрмен жабдықтау құрылыстарын салу үшін өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Ақтөбе облысының әкімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын бюджет кірісіне өтеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 24 қаңтардағы
№ 14 қаулысына
қосымша

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

	Жалпы ауданы	оның ішінде:			

Жер пайдаланушының атауы	, гектар	орман көмкерген	жайылым	шабындық	өзге жерлер
1	2	3	4	5	6
Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Ақтөбе орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі	11,4692	-	-	-	11,4692
Барлығы:	11,4692	-	-	-	11,4692

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК